

ТҰРКІСТАН ОБЛЫСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ТӨЛЕБИ АУДАНЫ БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ



«Әкелер мектебі» жобасы

2024-2025 оқу жылы

«ӘКЕЛЕР МЕКТЕБІ» ЖОБАСЫ

КІРІСПЕ:

– Бұхар жырау "Әкелі бала – жаужүрек, жиын тойға барады, төрден орын алады, бітіреді жұмысын, тастан да өткізер жебесін" дейді. Өзіне қорған болған әкесінің арқасында алшаң басып, бар шаруасын бітіріп, алдына кездескен кез-келген қорғанды бұзуға дайын болады.

"Әкесіз бала – сужүрек, жиын тойға барады, босағада қалады" дейді. Яғни, жасқаншақ болатынын меңзеп тұр. Сондықтан біз бала тәрбиесінде әкенің қаншалықты маңызды рөл ойнайтынын білгеніміз жөн. Бірақ қазақ өз құндылықтарына қайтып оралмайынша, әкенің отбасындағы рөлі төмендей бермек.

Ертеректе еркекті көк тәңіріне теңеген. Ал әйелді жерге теңеген. Күлтегінің үлкен жазуында "Тәңірідей тәңіріден жаралған бабам Күлтегін истемін қаған" деген жазу осының дәлелі.

Қазіргі кезде балаларға қоғамның ықпалы барған сайын күшейе түсуде, олардың тәрбиесіне түрлі мекемелер мен ұйымдар қатысады. Ал, отбасы ше? Оның тәрбие берудегі рөлі қандай? Бала тәрбиесіндегі әкенің рөлі қандай? Әке шаңырағы – теңдесі жоқ тұңғыш өмір мектебі. Қазіргі уақытта жұмыс басты аналар мен әкелердің барлығының бірдей балаларды тәрбиелеуге уақыттары бола бермей, соңында отбасындағы тәрбиеге жұмсалатын еңбек өте өнімсіз еңбекке айналууда. Бала бойындағы жақсылы-жаманды қасиеттерін байқаса, қазақ оны ең бірінші әке мен ата тәрбиесінен көреді, «тегіне тартқан» дейді. «Әкесі сондай адам еді, атасы жақсы адам, көргенді бала» деп ер адам тәрбиесін ауызға алады. Өйткені, әкесінің баласына қалдырған ең үлкен мұрасы – оның жақсы тәрбиесі. «Бір әкенің тәрбиесін — жүз мектепте бере алмас», — деп дана халқымыз бекер айтпаса керек. Сол себепті де бала тәрбиесін халқымыздың ежелгі озық дәстүрлері негізінде жүргізе отырып, оны бүгінгі заманның жетістіктерімен ұштастыра білу маңызды. Осы талапқа сай құрылған «Әкелер мектебі» жобасы төмендегідей мақсат-міндеттерді басшылыққа алады:

1. Отбасылық құндылықтарды сақтау, әкелердің бала тәрбиелеудегі жауапкершілігін арттыру, ата-аналардың жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу шараларын ұйымдастырудағы рөлін арттыру;
2. Отбасылық тәрбиенің жақсы жақтарын насихаттау;
3. Мектеп өміріне, қоғамдық жұмыстарға, іс-шараларға белсенді атсалысу.

ЖОБАНЫҢ МАҚСАТЫ: балалар тәрбиесінде отбасы рөлін көтеру. Білім алушылардың отбасылық және әлеуметтік құндылықтары мен құзыреттерін қалыптастыруда отбасы, мектеп, әлеуметтік серіктестердің өзара ынтымақтастығын орнатуға жағдай жасау.

ЖОБАНЫҢ МІНДЕТТЕРІ:

- Отбасылық құндылықтарды сақтау;
- Отбасылық тәрбиенің жақсы жақтарын насихаттау
- «Отбасы-мектеп-бала» үштігінің өзара байланысын дамыту;

- білім алушыларды тәрбиелеу ісіне шетелдік және қазақстандық тәжірибеде анықталған тәрбие жұмысының ең үздік түрлі нысандары мен әдістері арқылы ата-аналар қоғамдастығы мен әлеуметтік серіктестік-тердің қатысуын жандандыру;
- отбасы мен мектептің ынтымақтастығын отбасылық тәрбиені ұйымдастырудағы серіктестік байланыстар арқылы үйлестіру;
- жалпыұлттық рухани-адамгершілік және әлеуметтік құндылықтар мен құзыреттер жүйесіне баса назар аудара отырып, отбасындағы, мектептегі және қоғамдағы тәрбие ұстанымдарын қамтамасыз ету;
- үлгілі отбасының тәжірибесін тарату арқылы отбасының беделін арттыру.
- Әкелердің бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін арттыру
- Ата-аналардың жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу шараларын ұйымдастырудағы рөлін арттыру

ЖОБАДА БАҒЫТТАЛҒАН МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР:

- Ата-аналардың оқу процесіне белсенді қатынаспауы;
- Бала тәрбиесіне әкелердің белсенді араласпауы;

ОТБАСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ:

1. Отбасындағы сенімділік
2. Дәстүрлерді сақтау
3. Үлкенге құрмет, кішіге ізет
4. Туыскандық қатынастағы отбасы
5. Еңбексүйгіштік
6. Сүйіспеншілік
7. Жомарттық

Күтілетін нәтиже:

Ата-ана мен бала арасындағы алшақтық жойылып, өзара ынтымақтастық орнауы, әкенің бала тәрбиесіне көңіл бөлуінің жақсаруы, отбасылық тәрбиеде әкенің рөлін ұғынуы.



«Әкелер мектебі» жобасының жұмыс жоспары
2024-2025 оқу жылы

№	Іс-шара атауы	мерзімі	Жауапты
1	« Әкелер мектебін» құру, жұмыс жоспарларын бекіту	Қыркүйек	Мектепалды даярлық сынып педагогі
2	«Әкеден — ақыл» тақырыбында тәрбие сағаттарын, дөңгелек үстел өткізу	Қазан	Мектепалды даярлық сынып педагогі
3	«Бір әкенің тәрбиесін жүз мектепте бере алмайды» Әке тәрбиесінің маңызы жайлы пікіралмасу	Қараша	Мектепалды даярлық сынып педагогі
4	«Сенің өміріндегі әкенің рөлі қандай?» тақырыбында видео ролик түсіру	Желтоқсан	Мектепалды даярлық сынып педагогі
5	Жеті атасын білген ұл жеті жұрттың қамын жер.	Қаңтар	Мектепалды даярлық сынып педагогі
6	Қашықтықтан Отбасылық коллаж жасау/A4 форматта/ байқауын өткізу	Ақпан	Мектепалды даярлық сынып педагогі
7	Әкесімен бірге қол өнер бұйымын жасау. /видео роликтер	Наурыз	Мектепалды даярлық сынып педагогі
8	Әке шаңырағы –теңдесі жоқ өмір мектебі»	Сәуір	Мектепалды даярлық сынып педагогі
9	Әкем және мен» атты отбасылық спорттық сайыс	Мамыр	Мектепалды даярлық сынып педагогі

Сынып жетекші:

Л.Оразалиева